

Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 30 қарашадағы
№ 1444 Қаулысына
№3 қосымша



Приложение №3.
к Постановлению акимата
Еңбекшиказахского района
от 30 ноября 2012 года № 1444



«Еңбекшіқазақ аудандық қаржы бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ

«Еңбекшіқазақ аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Еңбекшіқазақ аудандық қаржы бөлімі (Бөлім) Еңбекшіқазақ ауданының бюджеттің орындауы және коммуналдық мүшәкіт бөлшектерінің жұмысін атқаруға арналған қаржыны қамтамасыз етуге және қаржыны тиімді пайдалануға арналған Бөлім болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ қы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

ПОЛОЖЕНИЕ о государственном учреждении «Еңбекшиказахский районный отдел финансов»

3. Бөлімнің қызметінің негізгі мақсаты - аудандық бюджеттің орындауы және коммуналдық мүшәкіт бөлшектерінің жұмысін атқаруға арналған қаржыны қамтамасыз ету және қаржыны тиімді пайдалануға арналған Бөлім болып табылады.

4. Бөлімнің қызметінің негізгі мақсаты - аудандық бюджеттің орындауы және коммуналдық мүшәкіт бөлшектерінің жұмысін атқаруға арналған қаржыны қамтамасыз ету және қаржыны тиімді пайдалануға арналған Бөлім болып табылады.

5. Бөлімнің қызметінің негізгі мақсаты - аудандық бюджеттің орындауы және коммуналдық мүшәкіт бөлшектерінің жұмысін атқаруға арналған қаржыны қамтамасыз ету және қаржыны тиімді пайдалануға арналған Бөлім болып табылады.

6. Бөлімнің қызметінің негізгі мақсаты - аудандық бюджеттің орындауы және коммуналдық мүшәкіт бөлшектерінің жұмысін атқаруға арналған қаржыны қамтамасыз ету және қаржыны тиімді пайдалануға арналған Бөлім болып табылады.

7. Бөлімнің қызметінің негізгі мақсаты - аудандық бюджеттің орындауы және коммуналдық мүшәкіт бөлшектерінің жұмысін атқаруға арналған қаржыны қамтамасыз ету және қаржыны тиімді пайдалануға арналған Бөлім болып табылады.

8. Бөлімнің қызметінің негізгі мақсаты - аудандық бюджеттің орындауы және коммуналдық мүшәкіт бөлшектерінің жұмысін атқаруға арналған қаржыны қамтамасыз ету және қаржыны тиімді пайдалануға арналған Бөлім болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНДЫҚ
ӘДІЛЕТ БЕЛІМІНДЕ
ТЕКСЕРІЛДІ



**«Еңбекшіқазақ аудандық қаржы бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Еңбекшіқазақ аудандық қаржы бөлімі (**бұдан әрі- Бөлім**) Еңбекшіқазақ ауданындағы бюджеттің орындалуы және коммуналдық мүлікті басқару саласындағы жергілікті атқарушы органның кейбір функцияларын жүзеге асыру бойынша өкілетті атқарушы орган болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлім құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Бөлімнің орналасқан жері: 040400, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Жамбыл даңғылы 21.

9. Мемлекеттік тілде толық атауы - «Еңбекшіқазақ аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНДЫҚ
ӘДІЛЕТ БӨЛІМІНДЕ

ТЕКСЕРІЛДІ

Орыс тілінде толық атауы - государственное учреждение «Енбекшиказахский районный отдел финансов».

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру аудандық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлім функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Бөлімінің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Бөлім міндеттері:

- 1) аудан бюджетінің орындалуын ұйымдастыру;
- 2) өз уәкілеттік шегінде аудандық коммуналдық мүлікті басқару;
- 3) аудандық мемлекеттік заңды тұлғалардан бюджеттік және басқа-да қаржылық есептерді заңда белгіленген тәртіппен жинақтауын қамтамасыз ету.

14. Бөлім функциялары:

1) аудан бюджеті туралы аудан мәслихатының шешімдерінің жобаларын және оларды жүзеге асыру туралы аудан әкімдігінің қаулыларын даярлауына қатысады;

2) мемлекеттің аудандағы қаржылық және мүліктік мүдделерін қорғауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

3) аудандық бюджеттік комиссия жұмысына қатысады және маңызды бағдарламаларды қаржыландыру бойынша ұсыныстар жасайды;

4) Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген тәртіпте аудан бюджетінің міндеттемелер мен төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарын және түсімдердің жиынтық жоспарын қалыптастырады;

5) аудан бюджетінің түсімдер мен шығындардың жылдық сомаларының ай сайынғы бөлінуін және оларға өзгерістерді енгізудің негізділігін бағалауды және талдауды жүргізеді;

6) жергілікті атқарушы органның резервіндегі қаражатының жұмсалыуын есепке алуды және талдауды жүргізеді;

7) өз уәкілеттігі шегінде аудан бюджетінің қаражаттарын басқарады;

8) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бөлінген бюджеттік қаражаттардың игерілуі бойынша мониторингін жүзеге асырады;

9) Алматы облысының қаржы басқармасы мен жергілікті атқарушы органға белгіленген тәртіппен және белгіленген мерзімде тапсыру үшін бюджеттік есептердің барлық түрлерін қалыптастырады;

10) бюджетке артық (қате) төленген түсімдер сомаларын қайтару жөнінде немесе оларды берешектер есебінен өтелгені туралы қорытынды береді.



11) салық салу мақсатында кәсіпкерлікте қолданылмайтын жеке тұлғалардың жылжымайтын мүліктерін бағалауын жүргізуді ұйымдастырады және қаржыландырады;

12) аудандық коммуналдық мүліктің пайдалануы мен сақталуын бақылайды;

13) аудандық коммуналдық мүліктің, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген негіздемелер мен тәртіпте сатып алынған, өткізілген немесе айналдырылған (түскен), сонымен қатар, иесі жоқ деп танылған, жалпы есебін жүргізуді жүзеге асырады;

14) аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз немесе кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлікпен басқаруға, республика және облыс деңгейіндегі мемлекеттік заңды тұлғаларға пайдалануға береді;

15) аудандық коммуналдық мүлікті сатуды (жекешелендіруді) ұйымдастырады және жүзеге асырады;

16) аудандық мемлекеттік заңды тұлғалардың негізгі құралдарын есептен шығаруға келісім береді;

17) аудандық мемлекеттік заңды тұлғалардың мүліктерін теңгерімнен теңгерімге өткізуге келісім береді;

18) аудандық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың таза табысының белгіленген бөлігін бюджетке аударылуын қадағалайды;

19) мемлекеттік мүліктің бірыңғай тізіліміне аудандық заңды тұлғалармен ақпараттарды және есептерді өткізу бойынша мониторингін жүзеге асырады.

15. Бөлімнің құқықтары мен міндеттері:

Бөлім өз қызметтері мен міндеттерін жүзеге асыру үшін заңнамаларда белгіленген тәртіпте келесідей құқығы бар:

1) аудандық мемлекеттік заңды тұлғалардан, сондай-ақ республикалық және облыстық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінен, аудан бюджетінің орындалуын ұйымдастыру, аудандық коммуналдық мүліктің есепке алу мен пайдалануын жүзеге асыру, сондай-ақ Бөлімге жүктелген басқа функцияларды орындау үшін қажетті ақпараттар мен мәліметтерді сұрау және алу;


2) аудандық коммуналдық мүлікті жалдаушы (жалға алушы) және пайдаланушы тарапынан жалдау (жалға алу) және пайдалану келісім-шарттар бойынша немесе сенімгерлік басқарушы тарапынан сенімгерлік басқару келісім-шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуын қадағалау;

3) өз уәкілеттігі шегінде аудандық мемлекеттік заңды тұлғалармен бюджеттік тәртіптің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

4) Заңнамалардың талаптарына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру

16. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бастық жүзеге асырады.



17. Бөлім бастығы аудан Әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Бөлім бастығының өкілеттігі:

- 1) Бөлім қызметкерлерін тағайындайды және қызметтен босатады;
- 2) Бөлім қызметкерлерінің арасында функционалдық міндеттері мен өкілдігін бөлуді жүзеге асырады;
- 3) Бөлім қызметкерлеріне заңда белгіленген тәртіппен көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолданады;
- 4) Бөлімнің қызметкерлері міндетті түрде орындайтын бұйрықтарды шығарады, қызметтік құжаттамаларға қол қояды;
- 5) Заңдылықтарға сәйкес мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда бөлімнің уәкілі болып табылады;
- 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс ұйымдастыруға жекелей жауапты;
- 7) Заңдылықтарға сәйкес өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

Бөлім бастығы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Бөлімнің мүлкі

19. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

22. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

